

## Текелі қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Жетісу облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 5 тамыздағы № 202 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 27 тамызда № 29308 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Текелі қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Текелі қаласы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Текелі қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Текелі қаласының әкімі

Б. Молдахметов

Текелі қаласы әкімдігінің 2022 жылғы  
5 тамыздағы № 202 қаулысына  
қосымша

## Текелі қаласы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Стационарлық емес сауда объектілерінің орналасқан орны	Алатын алаңы ( шаршы метр)	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым ( ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сонымен қатар қоғамдық тамақтану объектілері	Қызмет саласы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, (жыл)
1	Текелі қаласы, Әуезов көшесі, № 2 7 ғимаратының сол жағы	255	"Лесная сказка" кафесі	Бөлшек сауда ( а у ы л шаруашылық өнімдерін сату)	5
	Текелі қаласы, Рудничный				

2	ауылдық округі, Бейбітшілік көшесі № 38 ғимараттың оң жағында	162	"Рудничный" шағын маркеті	Бөлшек сауда (ауыл шаруашылық өнімдерін сату)	5
---	---	-----	------------------------------	---	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ